

АҒЫЛШЫН КЕЛІСІМШАРТ ҚҰҚЫҒЫ

Ағылшын Шарт Құқығының жалпы
қағидалары





Келісімшарт еркіндігі қағидасы

Қағиданың мәні. Келісімшарт еркіндігі жеке және заңды тұлғаларға тиесілі бірқатар өкілеттіктерді қамтиды, атап айтқанда:

(а) тараптар заң бойынша міндетті мәмілелер жасасу еркіндігіне ие; керісінше, қандай да бір келісімшарт бойынша өзіне әлі міндеттеме алмаған тараптар ұсынылған мәміле жасасудан бас тарта алады;

(б) келісуші тараптар келісімшарттың заң бойынша міндетті болмайтыны туралы ереже енгізуі мүмкін;

(с) тараптар мәміленің жекелеген шарттарын айқындауға немесе заңға не прецеденттік құқық ережелеріне сай «түспалданған» «әдепкі» шарттарды қабылдауға өкілетті;

Жоғарыда көрсетілген өкілеттіктерді іске асыратын **әрбір тараптың келісімі** – ерікті түрде қабылданған шешім. Ол басқа біреудің ықпалымен, мысалы, мәжбүрлеу немесе келісімшартты заңды күшінен айыратын басқа да фактор әсерінен қабылданған шешім емес деген ұйғарым жасалады.

Арнайы юрисдикция соттары тараптар жасасқан шартты құрметтеуі тиіс. Олардың аталған тараптардың айқын келісімінсіз шарт мәтінін қайта жазуына жол берілмейді.

Келісімшарт *еркіндігіндегі нақтылаулар*. Жоғарыдағы көрсетілген өкілеттіктерді іске асыру үшін мына төмендегі негізгі шектеуші ескертпелердің талаптарын орындау керек:

(а) мемлекеттің жария тәртібі;

(б) прецеденттік құқыққа сай, тараптар алаяқтық үшін жауапкершілікке тарту туралы ережені алып тастай алмайды;

(с) шартқа қосылу жөніндегі ережелерді (клаузулалар, ағыл. *adhesion clauses*) заң жүзінде реттеу (ережелер «алсаң ал, алмасаң қой (бұдан басқасы жоқ)» деген ұстаным); және

(д) жеке әрекет қабілеттілігі мәселелері (жас шамасына қарай шектеулер, психикалық ауруға байланысты әрекетке қабілетсіздігі немесе жасанды заңды тұлғаның құқық қабілеттілігі).

Тараптардың келісімшарт талаптарын айқындау еркіндігі. Лорд Диплоктың Photo Production Ltd компаниясының Securicor Transport Ltd компаниясына қарсы ісіне (1980) қатысты айтқаны: **«Прецеденттік құқықтың негізгі принципіне сай... келісімшарт жасасатын тараптар өз мойнына қандай міндеттер алатынын өздері ерікті түрде анықтай алады».**

Құқық қабілеттілігі. Жасы он сегізге толған немесе одан үлкен, ақыл-есі сау тұлғалар құқық қабілеттілігіне ие. Жасы он сегізге толмағандар «кәмелетке толмағандар» деп аталады. Кәмелетке толмағандарға қатысты басты тұжырымдар төмендегідей:

(1) кәмелетке толмаған тұлға сатып алынған материалдық құралдар (әрекет қабілеттілігі жоқ адамға қажет материалдық құралдар, ағыл. *necessaries*) үшін жауап береді;

(2) кәмелетке толмаған тұлға өз пайдасына сай деп тапқан еңбек немесе кәсіби дайындықтан өту келісімшарты бойынша міндеттемелерін орындауы тиіс; бұл тұжырым дарынды футболшының жетістіктерге жетуіне жағдай жасауға бағытталған келісімшартқа қатысты қолданылмайды;

(3) кәмелетке толмаған тұлға жер сату немесе сатып алу, немесе жалға беру не жалға алу, немесе акцияларды ақылы түрде алу туралы келісімшарттарды орындаудан бас тарта алады немесе, он сегізге толғаннан кейін, қисынды мерзім ішінде аталған келісімшарттарды орындаудан бас тарта алады;

(4) жасы он сегізге толған тұлға мәмілені қол қойып бекіткен жағдайларды санамағанда, келісімшарттың басқа барлық түрлері (мысалы, сақтандыру немесе сауда келісімшарты, немесе «әрекетке қабілеттілігі жоқ адамға қажетті материалдық құралдар» санатына жатпайтын сән-салтанат заттарын алу туралы келісімшарт, кәмелетке толмаған тұлға үшін міндетті сипатқа ие емес;

(5) Кәмелетке толмаған тұлғалар жасасқан келісімшарттар туралы 1987 жылғы заңның 3-тарауына сай, кәмелетке толмаған тұлға өз жасы туралы жалған мәлімет бермесе де, сот «кәмелетке толмаған тұлға келісімшарт бойынша алған кез келген мүлікті немесе оған байланысты алынған кез келген мүлікті» қайтару (реституция жасау) туралы шешім шығара алады, бұл қағида (1) және (2) тармақтарда аталған келісімшарттардан басқа барлық келісімшарттарға қатысты.





Психикалық қабілеттілік мәселесіне келсек, Құпия кеңес Харттың О'Коннорға қарсы ісі (1985) (Hart v. O'Connor) бойынша «**бір тараптың ақылдан адасқаны басқа тарапқа мәлім болмаса, тараптар келісімшарт жасасқан болып саналады**» деген қаулы шығарған.

Заңгердің клиентпен қарым-қатынасы басталғаннан кейінгі кезеңде клиент психикалық қабілеттілігінен айырылғандықтан жеке нұсқаулар бере алмайтын болса, шектеулі мұрагерлік құқығы туралы шарт мәнін жоғалтпайды.

«Заңды тұлғаларға» келгенде, компанияның немесе басқа заңды тұлғаның (мысалы, жергілікті билік органының) тиісті мәміле жасасуға құқық қабілеттілігі болуы тиіс.

Мәтінге адал болу. **Арнайы юрисдикция соттарының заңды міндеті – келісуші тараптар таңдаған шарт мәтінін құрметтеу.** Бұл қағида осы ережелерде кеңінен көрініс тапқан. Мәтінге адалдық қағидасы сақталмаса, соттарда немесе төрелік (арбитраждық) соттарда азаматтық өндірісті әділ және болжамды түрде жүргізу мүмкін емес.

Сондықтан «Шарттың міндетті күші (Pacta Sunt Servanda)» қағидасы бойынша былай делінген: «Арнайы юрисдикция соты келісімшарттарды орындау барысында кедергілердің немесе қиындықтардың пайда болуына байланысты оларға өзгертулер енгізе алмайды. Арнайы юрисдикция соты толық құқық қабілеттілігіне ие келісуші тараптар ерікті түрде жасасқан келісімшарт ережелерін құрметтеуі тиіс».

Осы ретте: «**Арнайы юрисдикция соты жазбаша келісімшартқа объективті түрде, қалыптасқан нақты жағдайды ескеріп, адал ниетпен түсіндірме беруге міндетті, яғни сот: (а) қандай да бір тараптың субъективті ниетпен жасаған мәлімдемелеріне сілтеме жасамауға; (b) коммерциялық және практикалық қисындылық қағидасын ескеруге; (с) шарт мәтінін заңсыз түрде қайта жазбауға тиіс**».

Объективтілік қағидасы

Объективтілік қағидасының мәні. Шарт құқығында тараптардың шарт жасасуға ниеті олардың сөздері, іс-әрекеттері, және олардың объективті мағыналары арқылы бағаланады. Арнайы юрисдикция соты тараптардың сөзін не іс-әрекетін сыртқы мәніне немесе сыртқы көрінісіне сәйкес бағалайды.

Тиісті іс жүргізу ауқымы. Объективтілік принципі тараптардың (үшінші тараптарды қосқанда) келісімшарт немесе оған байланысты келіссөздер жөніндегі өзара коммуникациясына немесе өзара әрекеттеріне қатысты қолданылады.

Бейтарап объективтілік. Жалпы алғанда, арнайы юрисдикция соты жағдайды бейтарап бақылаушы ретінде қарастырады.

Арнайы юрисдикция соты тиісті тараптың (немесе тараптардың) нақты жағдайын ескере келе, ақылға қонымды әрі объективті ұстанымды басшылыққа алуы мүмкін.

Объективтілік қағидасына нақтылау: Жаман ниет салдарынан қателіктің нақты түрлерін көрсетпеу. Қарсы тараптың қате оферта жасағанын немесе оның ұсынған шарттарында қателік барын білген өзге тарап мұндай жағдайды өз пайдасына қолданып кете алмайды. Дегенмен қателіктің шарт мәніне, сапалық сипатына немесе оның негізсіз құнына қатысты болуы жеткілікті емес.

Объективті ұстаным. «Сот әр тараптың шынайы ниетін анықтауға міндетті емес; соттың міндеті – әрбір тараптың қарсы тарап ұстанымына қарап қандай қисынды пайымға келгенін табу».

Тиісті іс жүргізу ауқымы. Шарттардың объективті теориясы бойынша егер шарттың тарабы болып табылмайтын тұлғаның пікірі бойынша ұсыныс дұрыс жасалған (оферта) және дұрыс қабылданған (акцепт) болса, тараптар арасындағы келісімшарттың міндетті заңдық күші бар болады.

Мысалы, біріншіден, бір тараптың қате оферта жасағаны және, екіншіден, мұның басқа тарапқа мәлім болғаны-болмағаны Crest Nicholson (Londinium) Limited компаниясының Akaria Investments Ltd компаниясына қарсы ісінде (2010) талқыланған.

Тағы бір кейс, Хэдлидің Кемпке қарсы ісі (1999) бойынша судья Парк алдымен оферта жасалғаны-жасалмағаны туралы мәселеге объективті түрде, шартты бақылаушы үшінші тарап ретінде баға берілетінін мәлімдеді:

«Талап арыз берушінің айтуынша, оферта жасалғанын не жасалмағанын объективті түрде бағалау керек. Яғни ақыл-ойы түзу (саналы) бейтарап бақылаушы жауапкердің оферта жасағанын аңғарса, онда жауапкердің «Менің оферта жасайтын ойым болған жоқ» деген сөзі есепке алынбайды. Қандай да бір тұлғаның мәлімдемесі оның объективті түрде келісімшарт жасасуды ұсынып тұрғанын білдірсе, оның



келісімшарт жасасуға ниетті болмағанына айғақ келтіргеніне қарамастан, мен сол тұлға шынымен оферта жасады дегенмен келісуге дайынмын».

Алайда кейін ол объективтілік мәселесін саналы оферта адресаты тұрғысынан ашып көрсетті: «Заңды қарым-қатынас орнату мақсатымен оферта жасалғанын-жасалмағанын тексеру мынадай жағдайда объективті болады: саналы оферта адресаты өзіне дәл жоғарыда аталған мақсатпен ұсыныс жасалған деп түсінсе, оференттің өз ойын білдіріп, «ондай ниетім болған жоқ» деген сөзі негізсіз болмақ».

Шарттың міндетті күші (PACTA SUNT SERVANDA)

(i) Келісімшартты орындаудың қиындай түсуі немесе әлдеқайда көп шығын жұмсауды қажет етуі қандай да бір келісуші тарапты өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды немесе оны міндеттемелерін орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатпайды немесе келісімшартты мәнін жоғалтты деген себеппен бұзуға (тоқтатуға) негіз бола алмайды.

(ii) Арнайы юрисдикция соты келісімшарттарды орындау барысында кедергілердің немесе қиындықтардың пайда болуына байланысты оларға өзгертулер енгізе алмайды. Арнайы юрисдикция соты толық құқық қабілеттілігіне ие келісуші тараптар ерікті түрде жасасқан келісімшарт ережелерін құрметтеуі тиіс.

(iii) Алайда, бұл қатаң режимге өзара келісіп өзгертулер енгізу үшін келісімшартқа форс-мажор туралы ереже қосуға болады.

(iv) Шартта арнайы (айқын көрсетілген немесе тұспалданған) ереже қарастырылмаса, қандай да бір келісуші тараптың өз еркімен шарт талаптарын немесе мазмұнын өз пайдасына өзгертуіне тыйым салынады.

Келісімшарттардың міндетті күші. Ағылшын құқығында қабылданған қатаң ұстанымға сай, келісімшартты орындау мүмкін болмаған, ол заңды күшінен айырылған немесе оған негіз болған жайттың күші жойылған төтенше (айрықша) жағдайларды санамағанда, тараптар мәміле жасасудан бас тарта алмайды. Осы ретте ағылшын құқығында келісімшарттың міндетті күші принципі қатаң сақталатынын атап өту қажет: *pacta sunt servanda*

Соттың келісімшарт мәтінін құрметтеуі. Ағылшын келісімшарт құқығының негізгі қағидасы – соттар екі тарап жасасқан келісімшарт талаптарын (ережелерін) құрметтеуі тиіс. Мысалы, лорд Мастилл Charter Reinsurance Co Ltd компаниясының Фаганға қарсы ісі (1997) бойынша «сөздерге объективті мағынасынан басқа мағынаны мәжбүрлеп тану» заңсыз, өйткені бұл «жасалған нақты мәмілені басқа бір мәмілемен – соттың «сол басқа мәміле жасалғанда жақсы болар еді» дейтіндей мәмілемен алмастыруға барабар» бола алатынын айтқан. Бұған қоса, ол былай деді:

«Әсіресе сауда саласында (бұл салада тараптар өздерінің не істеу керек екенін және не істеуге болмайтынын талап етуге болатынын білуі қажет) келісуші тараптар өздері жасасқан келісімшарттың орындалуын қамтамасыз ету үшін сотқа жүгіне алатынына сенімді болғаны маңызды».

Тағы бір мысал, Лорд Рэдклифф Бридждің Campbell Discount Co Ltd компаниясына қарсы ісіне (1962) қатысты мәлімдемесінде ағылшын судьясының «адамдар жасасқан мәмілелерді реттеп беруші қызметін атқаруға» өкілеттігі жоқ екенін атап өткен.

Ал, Procter and Gamble Co компаниясының Svenska Cellulosa Aktiebolaget SCA компаниясына қарсы ісі (2012) бойынша лорд-судья Мур-Бик былай деді:

«Ең алдымен тараптар өз ниетін білдіру үшін қолданған сөздерге мән беру керек. Мұқият әзірленген шарт мәтіні болған жағдайда, сот өз ұйғарымына сай әлдеқайда дұрыс мағына беру үшін келісімшарт мәтінін қайта жазудан аулақ болуы тиіс».

Біржақты өзгертулер мен толықтырулар енгізу өкілеттігі жоқ. Кейбір шарттарда төлем мөлшерін т.б. біржақты тәртіппен өзгертуге рұқсат берілетіні айқын көрсетіледі, алайда қандай да бір келісуші тарапқа берілетін мұндай өкілеттік шектеулі болады.

Жазбаша түрде жасалған белгілі бір келісімшарт түрлеріне қатысты мынадай арнайы ереже бар: өзге тараптың рұқсатынсыз біржақты тәртіппен өзгертілген, салдарынан талаптары айтарлықтай дәрежеде





өзгерген ресми шарт (deed) немесе кепілдік (guarantee) не басқа да жазбаша құжат жарамсыз болып танылады.

ЭСТОППЕЛЬ: Тиянақсыздық танытқан тараптың әрекеттерінен қорғау

Эстоппель (ағылш. estoppel – наразылық білдіру құқығынан айыру) – тұлға өзінің дәмелі талабын негіздеу үшін әлдебір фактілерге сүйену құқығынан айырылатын құқықтық қағидат.

DOCTRINE OF ESTOPPEL



(i) Эстоппель прецеденттік құқық пен әділдік құқығының әділ коммерциялық тәжірибені немесе «адалдықты» сақтауды көздейтін түрлі доктриналарын қамтиды. Бұл доктриналар бір тараптың (a) басқа тарапта белігілі бір түсініктің қалыптасуына түрткі болған немесе (b) басқа тарапта қалыптасқаны белгілі, немесе (c) тараптар бейресми түрде алмасқан немесе айқын келіскен түсініктері мен болжамдарынан әділетсіз түрде ауытқымауын икемді түрде қамтамасыз етуге бағытталған.

Эстоппельдің мынадай негізгі түрлері бар:

(a) Жалған түсінікке негізделген эстоппель (estoppel by representation). Бұл бір тарап өткен немесе осы шақтағы факт туралы сөз жүзінде (немесе кейде вербалды емес іс-әрекет арқылы) қандай да бір мәлімдеме жасап, басқа тарапты бірдененің болғанына немесе қазір орын алып жатқанына сендірген, ал басқа тарап оған сенім артқан жағдайға қатысты. Репрезентордың (өзге тарапта нақты бір жағдай туралы түсінік қалыптастырған тұлға) өз мәлімдемесіне қайшы келетін, тиянақсыз әрекетке баруына заң жүзінде шек қоюға («эстоппель жасау») болады.

Мысалы, Джорденнің Мониге қарсы ісін (1854) (Jorden v. Money) қараған Лордтар Палатасының ұйғарымына сай, прецеденттік құқық қағидалары бойынша эстоппель жасау үшін бұрынғы немесе қазіргі фактілер жөнінде мәлімдеменің болуы шарт; эстоппель болашақ іс-әрекет немесе болашақта іс-әрекетке бармау туралы міндеттемелерге қатысты қолданылмайды.

(b) Уәдеге негізделген эстоппель (Promissory estoppel). Болашаққа қатысты мұндай міндеттеме (promise) немесе мәлімдеме (representation) әдетте борышкерге төлем жасауға қосымша уақыт беріледі немесе ол өз борышының қалған бөлігін өтеуден босатылады деген сендірулерді қамтиды.

Эстоппельдің бұл түрі әділдік құқығы принциптерінен бастау балады. Мысалы, жалға беруші өз пәтерін жалға алушыға ұзақ мерзімге жалға беремін деп уәде беріп, шарт жасасады. Жалға алушы өз ақшасынан сол пәтерге жөндеу жасайды. Сондықтан, жалға берушінің өзінің шартты ертерек бұзу құқығы шектеледі.

(c) Келісімге сай эстоппель (Estoppel by convention). Анық мәлімдемелер болмаған күннің өзінде арнайы юрисдикция соты тараптардың өзара әрекеттеріне қарап, олар жасалған (қазір бар) мәмілені жарамды немесе ол ерекше ықпалға не қолданысқа ие екендігі туралы уағдаласты деген ой-тұжырым шығара алады. Эстоппельдің бұл түрі нақты бір мәлімдеменің болуын талап етпейді.

Мысалы, оның мәні мынада: анық іс-әрекет шарттың жасалғанын немесе оған өзгерту енгізілгенін айғақтайды. Ол үшін сырттай анық байқалатын іс-әрекет болуы тиіс, осылайша тараптар ортақ болжамдарға келеді. Мұндай әрекеттің болғанын тараптардың ойында метафизикалық жолмен туындаған болжамдарды сәйкестендіріп қана білуге болмайды. Заңдарда қарастырылған тыйымдарды айналып өту мақсатында қорғау сипатындағы ережелерден бас тартып, келісімге сай эстоппельді қолдануға болмайды. Келісімге сай эстоппель талап арыз беруге негіз бола алмайды, бірақ ол келісімшартқа сай немесе басқа да себептерге сай талап арыз беруге негіз бола алады.

(d) Келісімшартқа негізделген эстоппель (Contractual estoppel). Бұл доктрина тараптарға бұрын нақты фактілердің немесе оқиғалардың болғаны-болмағаны туралы келісімге келуіне мүмкіндік береді. Эстоппельдің мұндай түрі қолданылған тараптың оқиғалардың келісілген нұсқасына қайшы келетін мәлімдеме жасауына (арыз беруіне) немесе талап қоюына жол берілмейді. Спрингвелл ісін (2010) қараған



Апелляциялық сот, Прайм Сайт ісін (2013) қараған Құпия кеңес «келісімшартқа негізделген эстоппельдің» тараптарға белгілі бір фактілердің немесе оқиғалардың орын алмағаны туралы келісімге келуге мүмкіндік беретінін растады. Эстоппельдің бұл түрі растаулар (мойындау), сендірулер немесе келісімдер сипатындағы мәлімдемелерді қамти алады. Мұнда бұрынғы немесе қазіргі оқиғаларға қатысты мәлімдемелерге сенім артылғанын көрсетудің қажеті жоқ. Бұған қоса, Спрингвелл ісіне (2010) сай, жария тәртіпке қайшы келетін міндеттеуші сендірулер жасау үшін «келісімшартқа негізделген эстоппельді» қолдануға болмайды.

(e) Меншіктік эстоппель. Эстоппельдің бұл түрі жерге қатысты мәмілелерде ғана қолданылады. Ол бір тұлға (B тарабы) A тарабының жерін өзі (B тарабы) сол жерге құқықты иеленді немесе болашақта иеленеді деген қате болжаммен жақсарту үшін (немесе өзіне зиян келтіріп, қарсы тарапқа қатысты басқаша әрекетке барып) ақша жұмсаған, немесе мынадай жағдайда: A тарабы B тарабының сондай қателік жасауына түрткі болған мәлімдеме жасаған немесе сол қателікке жол берген жағдайда туындайды. Бұл эстоппельдің айрықша түрі болып табылады, өйткені ол жауапкердің (қорғаушы жақтың) наразылық білдіру құралы ғана болмайды, ол B тарабының, нақты жағдай туралы түсінік қалыптастырған тұлғаның (репрезенти, ағыл. representee), талап арыз беруіне негіз (талап арыз беруге себеп) бола алады.

(f) Үнсіз қалу немесе келісуге негізделген эстоппель (Estoppel by silence or acquiescence). Басқа тараптың заңды құқықтары жөнінде дұрыс түсінік қалыптаспағанын көрсету міндеті туындайтын ерекше жағдайларда үнсіз қалу немесе келісуге негізделген эстоппель жасау мүмкіндігінің болуы ықтимал.

Мысалы, ING Bank NV компаниясының Ros Roca SA компаниясына қарсы ісін (2011) қараған лорд-судья Рикс басқа тараптың заңды құқықтары жөнінде дұрыс түсінік қалыптаспағанын көрсету міндеті туындайтын ерекше жағдайларда үнсіз қалу немесе келісуге негізделген эстоппель жасау мүмкіндігінің болуы ықтимал екенін атап өткен (меншіктік эстоппельде бұрыннан бар «келісу» тармағына қарағанда, бұл доктрина өз материалдық саласында әлдеқайда кең қолданысқа ие).

(g) Res judicata. Бұл қағида тараптар арасындағы сот шешімдерінің превентивті (преюдициалдық) әсеріне қатысты. Ол «талап арыз немесе іс преюдициясын» қамтамасыз етуге бағытталған (бірдей тараптарға қатысты талап арыздардың немесе істердің сотта қайта қаралуына жол берілмейді). Бұл қағида «талап арыз немесе іс преюдициясы» мәселесіне қатысты. Ағылшын құқығындағы бұған қатысты прецеденттік шешім – Virgin Atlantic Airways Ltd компаниясының Zodiac Seats UK Ltd компаниясына қарсы ісі (2013) бойынша қабылданған. Мұнда төмендегідей үш талап қойылады:

(1) келісуші тараптар (және олардың мүдделі тұлғалары немесе мирасқорлары) сот шешімдерін орындауға міндетті;

(2) шешім азаматтық-құқықтық қатынастарға қатысты шығарылады; және

(3) шешімді тиісті құзіреті бар азаматтық сот немесе арнайы юрисдикция соты шығарады немесе іс арбитражда қаралады.

Адалдық және әділ іскерлік тәжірибе

Соттар (келісімшарттарды адал орындауға міндеттейтін айқын талаптың жоқтығына қарамастан) адалдық немесе әділ іскерлік тәжірибе принципін басшылыққа алды деп ұйғарым жасауға болатын жағдайлар көп:

(a) әділдік құқығындағы уәдеге негізделген эстоппель, құқықтан бас тарту және прецеденттік құқықтағы эстоппель доктриналары, сондай-ақ келісімге сай эстоппель доктринасы;

(b) бір тарап өзге тараптың қателік жасауына білместен жол бергендегі қорғау;

(c) жариялауға жататын нақты міндеттер;

(d) фидуциарлық (сенімгерлік) міндеттемелер: принципалдар, бенефициарлар немесе басқа қорғалған тұлғалармен келісімшарт жасасатын агенттер мен фидуциарларға (сенімгерлерге) әділ іскерлік тәжірибеге сай болу міндеті жүктеледі;

(e) тұспалданған талаптар: мысалы, шақырушы тарап (invitor) тендерді адал өткізуі тиіс деген тұспалданған міндет бар;

(f) айыппұл салмау ережесі;

(g) меншік құқығынан немесе иеленуші құқығынан айырылудан әділдік құқығына сай құқықтық қорғау құралы;

(h) келісімшарт талабының орындалмауына (бұзылуына) сай келмейтін жауап ретінде келісуші тарап келісімшартты толық бұзуға құқылы дегенді жоққа шығаратын шешімдер;

(i) жалпы принципке сай, өтініш беруші өзі әдепсіз әрекетке барса, яғни адал және мінсіз әрекет етпесе,



Кітап: Ағылшын келісімшарт құқығы
Дәріс: Ағылшын Шарт Құқығының жалпы қағидалары
Дәріс авторы: Байсакалова Мадина

әділдік құқығына сай құқықтық қорғау қолданылмайды.

Заң талабына келсек, Тұтынушылардың құқықтары туралы 2015 жылғы заңның II-бөлімінде (121-бап) «адалдық» – тауар жеткізу немесе қызмет көрсету келісімшартын жасасқан тұтынушыға ықпалы бар стандартты ереженің (клаузула) жарамдылығын анықтау үшін қажетті критерийлердің бірі делінген.

Тиісті принциптердің сақталуын қамтамасыз ету мақсатында араласу нақты доктриналар аясында жүзеге асады. Сол сияқты, шарт жасасу алдындағы қатынастар саласында, келіссөздер жүргізетін тараптарды қорғау келіссөздерді адал жүргізуге қатысты бір ғана басты тұжырым арқылы емес, бірқатар түрлі доктриналар көмегімен іске асады.